

«\_\_»\_\_\_\_\_ 2025 ж.

№ \_\_\_\_ бұйрыққа

1-қосымша

**«Алтын ұрпақ» жобасы аясында  
домбыра, дәстүрлі ән, хореография бойынша  
педагогтерге арналған «Ата мұра» байқауын өткізу ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Астана қаласы бойынша олимпиадалар мен конкурстардың (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы **13.02.2025 № 275 бұйрық** негізінде «Алтын ұрпақ» жобасы аясында халқымыздың ұлттық домбыра, дәстүрлі ән, хореография бойынша педагогтерге арналған «Ата мұра» байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізу ережесі оның мақсатын, міндеттерін, өткізу форматы мен тәртібін айқындайды.

1.2. Байқаудың мақсаты: қазақ мәдениетінің қазынасы ретінде домбыра, дәстүрлі ән, ұлттық би өнерінің құндылығы мен маңыздылығын көтеру және педагогтердің ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығы мен құрметін ояту.

1.3. Байқаудың міндеттері:

- қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрін дамыту және сақтау;
- ұлттық дәстүр мен салт-сана тағылымын жас жеткіншек бойына сіңіру;
- ұлт өнеріне деген қызығушылық пен сүйіспеншілігін арттыру;
- орындау шеберлігін дамыту;

1.4. Қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын Байқауды ұйымдастырушылар жасақтайды.

**2. Байқауды өткізу мерзімі**

2.1. Байқау **2025 жылғы 14 – 30 сәуір** аралығында өткізіледі.

2.2. Байқауға қатысу үшін 2025 жылдың 24 сәуір күні сағат 18.00-ге дейін **Google сілтемені толтыру қажет.**



2.3. Сілтемеде көрсетілген бағдарлама өзгертілмейді. Мерзімінен кешіккен өтініштер қабылданбайды.

### 3. Байқау қатысушылары

3.1. Байқауға Астана қаласының қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері қатысады.

3.2. Байқауға қатысушылардың бағыттары:

- 1) Домбыра
- 2) Дәстүрлі ән
- 3) Хореография

3.3. Байқауға педагог + 1 оқушы қатысуға болады.

### 4. Байқауды өткізудің шарттары мен тәртібі

#### 4.1. Байқау екі кезеңнен тұрады.

**I кезең** Виртуалды дуэт (Тарихтағы ұлы музыканттармен бірге орындау).

Қатысушыларға қазақтың белгілі композиторлары мен әншілерінің немесе атақты адаммен виртуалды би өнерін (хореография) архивтік жазбаларымен бірге дуэт (импровизация жаңа бағытында) орындауға мүмкіндік беріледі. Уақыт 5 минутке дейін. Қатысушылар AI-генераторларды (жасанды интеллект) қолданып, ұлттық жаңа вариациясын жасауға тырысады. Өз [www.youtube.com](http://www.youtube.com) арнасында орналастырылған бейнематериал сілтемесін Google формасына жүктейді.

*Мысалдар:*

- *Біржан сал, Әміре Қашаубаев тағы да басқа атаулы тұлғалардың дауыстарымен бірге виртуалды дуэт.*

**II кезең** дәстүрлі (офлайн) форматта үш бағытта 29 сәуір күні өтеді.

#### 4.2. Қатысушыларға қойылатын талаптар.

Бағыттар бойынша (шығармаларды таңдауға және 1 оқушымен бірге орындауға мүмкіндік беріледі).

##### 1. Домбыра номинациясы (бағыты) бойынша:

1. Төкпе күй (тез екпінде орындалатын күй)
2. Шертпе күй немесе орташа екпіндегі күй орындау

##### 2. Дәстүрлі ән бағыты бойынша:

1. Халықтық ән (халық әні, халық композиторларының әнін орындау)
2. Эстрадалық ән (кәсіби Қазақстан композиторларының әнін орындау)

Бағалау критерийлері:

- Орындаушылық деңгейі;
- Сахналық мәдениеті;
- Аймақтық ерекшелігінің сақталуы.

### **3. Би өнері (хореография) бағыты бойынша:**

Би өнері түрлері (қазақ ұлттық биі, классикалық би, заманауи биі) бір бағыт бойынша би нөмірін көрсету, берілетін уақыт 1,5-2-минут.

Бағалау критерийлері:

- орындаушылық шеберлік деңгейі;
- композициялық құрылымы, сахналық мәдениеті;
- музыкалық және хореографиялық материалдарды таңдап алуы, сәйкестігі;
- қатысушылардың әртістілігі, киім үлгісінің сәйкестігі;
- көркемдік образды аша білуі.

### **5. Байқау қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

5.1. Байқау жұмыстарын кәсіби қазылар алқасы 10 баллдық жүйе бойынша бағалайды. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және хаттамамен рәсімделеді.

5.2. Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы 3 бағытта жеңімпаздарды анықтайды. Лауреаттар I, II, III дәрежелі дипломдармен, қосымша номинациялармен марапатталады.

#### **5.3. Анықтама телефоны:**

**Жауапты тұлға: Кампышев С.Б. 87016505319**

**Турманова Б.А. 87025974914**

«\_\_\_\_\_»\_\_\_\_\_2025ж.  
№\_\_\_\_\_бұйрыққа  
2 - қосымша

**«Алтын ұрпақ» жобасы аясында  
домбыра, хореография, дәстүрлі ән бойынша  
педагогтерге арналған «Ата мұра» қалалық байқауын  
ұйымдастыру және өткізу комитетінің құрамы**

| <b>№</b> | <b>Аты-жөні, тегі</b>             | <b>Жұмыс орны, лауазымы</b>   |
|----------|-----------------------------------|---|
| 1.       | Шарипова Динара<br>Госмановна     | Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Тәрбие және қосымша білім беру бөлімінің басшысы            |
| 2.       | Кампышев Серікбай<br>Бейсембайұлы | Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Тәрбие және қосымша білім беру бөлімінің әдіскері           |
| 3.       | Турманова Бану Аскарровна         | Астана қаласы әкімдігінің «Тәттімбет атындағы №1 өнер мектебі» МКҚК директордың бейіндік оқу жөніндегі орынбасары |